# Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын ұстап қалу туралы өтініштің нысанын бекіту туралы
# Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 273 бұйрығы

*(2024.15.03. берілген өзгерістермен)*

*ҚР Қаржы министрінің 2024.29.02. № 115 бұйрығымен тақырыбы жаңа редакцияда (2024 ж. 15 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

*ҚР Қаржы министрінің 2024.29.02. № 115 бұйрығымен кіріспе жаңа редакцияда (2024 ж. 15 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 351-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

*ҚР Қаржы министрінің 2024.29.02. № 115 бұйрығымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 15 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын ұстап қалу туралы өтініштің қоса беріліп отырған нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Қаржы министрі** **Е. Жамаубаев**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

*ҚР Қаржы министрінің 2024.29.02. № 115 бұйрығымен нысан жаңа редакцияда (2024 ж. 15 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 30 наурыздағы
№ 273 бұйрығымен бекітілген

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын ұстап қалу туралы өтініштің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 273 бұйрығы (2024.15.03. берілген өзгерістермен)

Статус документа: действующий. Дата: 16.04.2021 г.

Нысан

Кімге: «Бірыңғай
жинақтаушы
зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамы
(бұдан әрі - «БЖЗҚ»
АҚ) (атауы)

**Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын ұстау туралы**
**ӨТІНІШ**

| | | |
|---|---|---|
| Тегі | | |
| Аты | | |
| Әкесінің аты (ол болған кезде) | | |
| Жеке сәйкестендіру нөмірі | | |
| Резиденттігі: | ☐ резидент | ☐ бейрезидент |
| | | |
| Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемі кезінде жеке табыс салығын (бұдан әрі - ЖТС) ұстауды және аударуды жүзеге асыруды сұраймын (керегін белгілеу): | | |
| ☐ зейнет жасына жеткен кезде «БЖЗҚ» АҚ белгілеген зейнетақы төлемдері кестесіне сәйкес ай сайын он алты жылдан аспайтын мерзімге тең үлестермен | ☐ | біржолғы зейнетақы төлеу кезінде толық көлемде |
| Артық ұсталған ЖТС есептеу, ұстау және (немесе) қайтару мәселесі бойынша «БЖЗҚ» АҚ-ға 1418 нөмірі (Қазақстан аумағында қоңырау шалу тегін) арқылы не www.enpf.kz корпоративтік сайтында көрсетілген «БЖЗҚ» АҚ офистерінің мекенжайлары мен байланыс деректері арқылы хабарласу керек екенінен хабардармын. | | |
| Байланыс деректері: | | |
| ұялы нөмірі: | | |
| электрондық мекенжайы: | | |
| № | | |
| күні | | |
| (күн, ай, жыл) | | |
| жеке тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылды | | |

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын ұстап қалу туралы өтініштің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 273 бұйрығы (2024.15.03. берілген өзгерістермен)

Статус документа: действующий. Дата: 16.04.2021 г.